

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы қазіргі жаһандық трендті тақырып болып табылады. Ал Дубайдағы Экспо көрмесінің тақырыбы «Ақылмен болашақты жасаймыз». Осы жерде біз екі Экспоның бір-бірімен тематикалық байланысын байқай аламыз. Еліміздегі жасыл энергияны әлемге паш ететін көрмеден кейін болмақ, жаңа технологиялар тақырыбына сүйенген көрме мемлекетіміз үшін таптырмас мүмкіндік [3].

Біз Дубайдағы Экспоны ел туризмін дамыту үшін қандай амалдар жасауымыз керек:

-  Экспо Дубайды маркетингтік мақсатта қолдану;
-  Көрме барысында, Астаналық Экспоны қайта туристердің есіне түсіру;
-  Дубайдағы болашақ климаты атты бөлімде, ел павильонын орналастыру.

Менің ойымша Экспо Дубай, бұл әлем үшін тек жаңа көрме емес, сонымен қатар Қазақстандық көрменің бір бағыттағы мүдделесі және жалғасы. Осы мүмкіндікті біз ел туризмін және экономикасын дамыту жолында тиімді қолдануымыз тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. e-history.kz/kz/contents/view/
2. www.akorda.kz/.../page_expo-2017-astana Президенттің ресми сайты
3. <http://www.thefirstgroup.com/ru/world-expo-2020/> world-expo-2020 сайты

ӘОК: 338.462

«5 TOWNS» ПАРАФИН МҰРАЖАЙЫ» ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА БРЕНД ҚҰРУДЫҢ ЖОЛЫ

Орынбекова Жания, Балтабекова Мадина

zhaniya.orynbekova@mail.ru, baltabekova.mm@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, туризм кафедрасының 1 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері: э.ғ.к., доцент Ешенкулова Г.И., аға оқытушы Гиззатжанова А.Г.

Жалпы кез келген саланың, соның ішінде туризмнің дамуы туристік өнімнің қалыптасуына байланысты болады, туристік өнімді жасақтау жергілікті жердегі туристік ресурсқа негізделеді, яғни сол жерде өнімді дайындап туризмді дамытуға болады. Осыған байланысты аймақтағы туризмнің дамуы үшін туристік ресурстың әлеуеттік жағдайдын барынша тиімді қолдану керек, әрине бұл үрдіс уақыт және қаражат шығындарын талап етеді [1]. Туристік ресурстар әртүрлі болады, туристік зоналар немесе маршруттарға жақын көптеген территориялар туристерге пайдалануға болады деп айтуға болмайды, себебі ол жерлерде туристерді қызықтыратын тікелей және жанама ресурстар жоқ немесе өте аз болады [2].


Туристік өнімді дайындаудың бір жолы жасанды аттракция, яғни, жасанды аттракция туристік өнімді бір объект ретінде жүзеге асырады [3]. Тұжырымдық туристік өнім негізділігі, туристік қызығушылықты қоздыра алушылығы, туристік ақпаратты тарату көздері мен жүйелеріне қосылуы, жоғары транспортқа ие болу мүмкіндігі, саяхатты жағымды қабылдаудаға мүмкіндігі жасанды аттракцияның қалыптасу шарты болып табылады [4].

Қазір әлемде жасанды аттракция элементтері көптеп қолданысқа енгізілген оған туристердің қызығушылығы жылдан-жылға артуда, мысалы, мұражайлардың түрлері «Мадам Тюссо» мұражайы, НЛО мұражайы, тамақ мұражайы, шоколад мұражайы және т.б. Осы 2016 жылдың наурыз айында Астана қаласында «Шоколад» мұражайының көрмесі өтуде, оған Астана қаласының тұрғындары және туристері қызығушылық танытуда, сол сияқты бізде жасанды аттракция элементі ретінде мұражайды алдық.

"Өткенді айтпай, болашақ жоқ" демекші, адамзаттың өткені мен өшкенін жаңғырту, тарихын ұлықтау, өскелең ұрпаққа таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын мәдениет пен тарихтың негізгі орталарының бірі – мұражайлары болса жасанды аттракцияның негізгі элементтерін мұражай түріндегі көрінісін біздің елімізде қолдануға болады [5]. Осы мұражайды құрудың негізгі мақсаты Астана қаласында «5 TOWNS» парафин мұражайын ашу, яғни жаңа туристік бренд құру.

Мұражай «Мадам Тюссо» мұражайы негізінде, қазақтың атақты адамдарын таныстыру мақсатында парафиннен жасалған кейіпкерлер бейнесінде көрініс табады. Мұражай кейіпкерлерін парафиннан жасау оның қол жетімділігінде, яғни мұнай қалдықтарын пайдалану және онымен жұмыс жасау оңайлығына байланысты таңдалды. Жалпы парафин - балауыз тәрізді зат, мұнай өнімі, оның балқу температурасы $40-65^{\circ}\text{C}$, Қазақстанда Маңғыстау түбегіндегі мұнайда кездеседі, әртүрлі формадағы фигуралар оңай жасалады, парафин өте жоғары температурада ериді, тұрақты болып табылады [6]

Мұражайды сол жағалауда ашу жоспарланады, оның «5 TOWNS» атауы Қазақстан Республикасының 5 экономикалық ауданға бөлінуіне байланысты алынды, «5 TOWNS» парафин мұражайының үстінен қарағандағы бейнесінде Қазақстан картасын көруге болады (Сурет 1). Мұражай кейіпкерлер мен қоса арнаулы оқиғаларға арналған бұрыштардың болуын қарастырады. Қазақстандағы 5 экономикалық ауданның өзіндік ерешелігі де осы мұражайда көрініс табады, мұражайға бірден 4 жағынан кіруге болады, әр залдың өзіндік дизайны болады (кесте 1).



Сурет 1 -. «5 TOWNS» парафин мұражайының 3D ішкі көрінісі

Мұражай залдары бір –бірінен түстерімен, ұсынылатын материалдардың әр түрлілігімен ерекшеленеді және оларда ұйымдастырылатын бұрыштар осы аймаққа танымал оқиғаларды, немесе елдің жақсы қабылдайтын бағдарламаларын қамтиды, мысалы «Бинефист шоу», «Х фактор», «Түңгі студия» бағдарламаларының кейіпкерлері, Оңтүстіктегі Түркістан қаласының тұлғалары сияқты бейнеленеді.

Кесте 1 - «5 TOWNS» парафин мұражайының ішкі дизайны

Зал	Залдың түсі	Есіктің түсі	Мәні	Танымал адамдар
Солтүстік	Ақ	Марсала	Қысы ұзақ, қар мөлшері көп, климаты суық	Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Александр Винокуров және т.б.
Оңтүстік	Жасыл	Күміс тектес түс	Ыстық, қар аз мөлшерде жауады, айнала жасыл	Төле би, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Ілияс Жансүгіров, Қайрат Нұртас, Мейрамбек Беспаев, Бейбіт Ыстыбаев, Бауыржан Исламхан, т.б.
Орталық	Қара	Алтын тектес түс	Қара түс беделдің және байыптылықтың түсі	Тоқтар Әубәкіров, Нұрсұлтан Назарбаев, т.б.
Батыс	Көк	Мыс тектес түс	Каспий теңізінің көгілдір түсі	Құрманғазы Сағырбайұлы, Әйтеке би, Әлия Молдағұлова, Жанар Айжанова және т.б.
Шығыс	Қоңыр	Қола тектес түс	Жер бедерінің құрылысы өте күрделі. Таулар мен жоталары көп	Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Ринат Заитов және т.б.

Мұражайдың ерекшелігі залда әрбір тұлғаның қасында LED-планшет болады, одан келуші қалаған тілінде сол тұлға жайлы оқи алады, ал жалпы залда күн сайын Қазақстанның белгілі тұлғаларына арналған еске алу жұмыстары жүргізіледі, мысалы Абайдың туған күніне орай, осы күні толығымен осы тұлғаға арналған деректі фильмдер, көркем фильмдер көрсетіледі.


Сол сияқты спорт, өнер жанкүйерлеріне арнайы бұрыштар ұйымдастырылады, онда басқа елдің атақты кейіпкерлерін сомдап, бұрыштар ұйымдастырылады, мысалы: Кака, Роналду, Месси, Бэкхам және т.б.

Жалпы мұражайды ашу, отандық және шетелдік туристердің жалпы ағынының 20%-ға дейін туристерді тарту, а көмек көрсетеді, жобаны 2 кезеңге бөліп қарастыру керек:

- 1 кезең: 2015-2017 жылдар аралығы (EXPO-2017 өткізілуіне дейін).

- 2 кезең: 2018 жылдан (EXPO-2017 өткізілуінен кейін) әрі қарай дамыту жұмыстары.

Алғашқы кезеңде осы мұражайды ашу туралы ойды тарату, халықтың сұранысын білу, конференциялар мен жобаларға қатысу, құжаттарын дайындау, қаражат көзін табу (жеке инвестор табу); екінші кезеңде мұражайды ашу және туристік нарықта жылжыту жұмыстарын жүргізу. Жасанды аттракцияға негізделген «5 TOWNS» мұражайы туристік өнімді құрайтын қызметтерді жүзеге асырудан түсетін түсім көздерінің құрылымын төмендегі диаграммадан көруге болады:



Сурет 2. «5 TOWNS» парафин мұражайының туристік өнімді құрайтын қызметтерді жүзеге асырудан түсетін түсім көздері

Мұражай біршама қаражатты қажет етеді, оның бөлінісін келесі кестеде көрсетуге болады.

Кесте 2 - БМ «5 towns» проекті бойынша қажетті қаржыландыру

Қаржыландыру және шығын	Млн.тенге					Барлығы
	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2015-2017 жж	2018-2030 жж	
Республикалық бюд-жеттің қаржыландыруы	3 000	4 000	2 320	9 320	920	10 240
Скульптор (1 топ 10 адам)	2 120	2 100	800	1 330	5 550	6 020
Дизайнер (1 топ 7 адам)	880	1 900	510	990	3 770	4 220
Жеке-меншік инвестор-лардың қаржыланыруы	20 393	20 393	20394	61 180	6 000	67 180
Архитектура	10 205	6 490	4 560	21 255	1 000	22 255
Материал	3 500	8 000	10 000	21 500	2 200	23 700
LED-техника	5 300	3 000	3 830	12 130	1 300	13 430
Сувенир дүкені	888	1 000	1 004	2 892	750	3 642
Басқа заттар	500	1 903	1 000	3 403	750	4 153
Барлығы	23 393	24 393	22 714	70 500	6 920	77 420

Алынған нәтижелер қаланың дамуы мен қала маркетингісін басқару мақсатында қолданылады, егер зерттеумен қатар, біз қаланың ағымдағы атрибуттардың қажеттілігін бағалай алсақ, оларды қолдана аламыз.

Мұражай әртүрлі жастағы адамдарға өте қызық. «5 TOWNS» парафин мұражайы Қазақстанның ішкі және сыртқы туризмнің дамытуға үлес қосады деуге болады, болжам бойынша отандық және шетелдік туристтердің жалпы ағынының 20%-ға дейін туристерін тартады. «5 TOWNS» парафин мұражайы Қазақстандағы және дүниежүзіндегі алғашқы ашылған парафин мұражайы болмақ. Парафин маңызыдылығын арттыру және өндірісте кеңінен пайдалану үшін «5 TOWNS» мұражайын Қазақстан Республикасында қалыптастыру маңызы зор және де мұнай өндірісін қалдықсыз пайдалануда экономикалық маңызы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артемьева О.А., Вапнярская О.И., Платонова Н.А. Зарубежный и российский опыт создания туристских продуктов, основанных на искусственной аттракции: методические особенности // Современные проблемы сервисы и туризма. 2010. №1.
2. Артемьева О.А. Концептуальные туристские ресурсы как основы формирования искусственной аттракции // Сборник статей круглого стола «Общество, туризм, сервис: опыт, проблемы и перспективы развития», 28 қыркүйек 2009ж., ФГОУ ВПО «РГУТиС», -М., 2010, 4 (99-105 бет)
3. Артемьева О.А. Социальная оценка организационной культуры туристического обслуживания населения // Вестник МГУКИ, 2007, №4, 0,3 п.л. (211 бет)
4. Ю.Биржаков М.Б. Экономическая безопасность туристской отрасли: Общие положения безопасности туризма; Экономические последствия кризисных ситуаций; Безопасность аттракций и др.// CD. М.: Герда Невский фонд. 2007
5. Мұңалбаева, Ү. Д. Мұражай педагогикасы: тарихы, теориясы, тәжірибесі: оқу құралы / Үмітхан Дәуренбекқызы Мұңалбаева.- Алматы: 2013- 8-9 б.
6. Химическая энциклопедия / Редкол.: Кнунянц И.Л. и др.. — М.: Советская энциклопедия, 1992. — Т. 3. — С. 635— 639 с.

УДК 338.484.6

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ФЕНОМЕНІНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

Отарбай Айдана Ғалымжанқызы

aydokka.com@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

«Экономика» факультеті «Туризм» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші – С.Сұрағанова

Медициналық туризм өзіне медициналық көмек пен демалысты үйлестіретін тұжырымдама болып сналады. Қазіргі жаһандық экономикада, бұл тұжырымдама жаңа емес, алайда көбісі үшін өсіп келе жатқан беталыс. Медициналық туризмге қатысатын халықаралық пациенттердің басты мақсаты – дүниежүзі бойынша емдеу шараларының бағасы қол жетімді болатын халықаралық деңгейде аккредитацияланған ауруханаларда ең сапалы медициналық көмекті алуға мүмкіндіктің болуы. Ауруханалық мекемелер, үздік медициналық қызметтер, сертификатталған кәсіби дәрігерлер және орынды бағалар бойынша медициналық шаралар медициналық туризмнің негізгі факторларының бірі болып табылады. Өртүрлі дамушы елдерде, әсіресе Америка Құрама Штаттарында, денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығындардың үздіксіз арту салдарынан, күннен күнге ыңғайлы емделу орындарын іздеуші адамдар шет елдерге саяхаттауға бейім болуда [1].

Медициналық туризм өз алдына ішкі және халықаралық туристік қызметтер нарығының құрамдас бірлігін білдіріп, оның елеулі және ажыратылмас бөлігі болып табылады. Тар мағынада медициналық туризм жайында дәстүрлі түрде кез-келген аймаққа немесе елге емделу, оңалу және демалу мақсатында емделушілердің миграциясы ұғынылады. Сонымен бірге, сауығу және ем қабылдау уақыты бір жыл көлемінде шектеледі.

Кең мағынада бұл терминді тек медициналық мекемелерді ғана емес, сонымен қатар, бизнестің әртүрлі салаларын: сақтандыру, банктік қызмет, заңгерлік көмек, көлік және байланысты қамтитын дамыған инфрақұрылымы бар нарықтардың бірыңғай жүйесіне байланысқан медициналық индустрия және қонақжайлылық саласы ретінде анықтауға болады (сурет 1) [2].